



## САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Барлығына және барлық жерде  
әділдік? Әділет пен нәсіл





Кітап: Саяси философияға кіріспе  
Дәріс: Барлығына және барлық жерде әділдік? Әділет пен нәсіл  
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

## Кемсітушілік деген не?

БҰҰ-ның Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Комитеті

1-бабында нәсілдік кемсітушіліктің келесідегідей анықтамасы беріледі: «нәсіліне, түр-түсіне, тектік, ұлттық немесе этникалық тегіне негізделген, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе қоғамдық өмірдің кез келген басқа салаларындағы адам құқықтары мен бостандықтарды алапайы, бірдей мойындауын, пайдалануын немесе жүзеге асыруын жоюды немесе төмендетуді мақсат тұтатын немесе осының салдары болып табылатын кез келген айырмашылықтар, айрықшалықтар, шектеулер немесе артықшылықтар».

## Әділет пен нәсіл

Тағдыр тәлкегіне түскен нәсілдің мүшелері, сондай-ақ әйелдер де, тікелей және жанама кемсітушіліктің құрбаны бола алады. Сондықтан екі жағдайда аффирматикалық саясат олардың құқығын қорғау құралы ретінде ұсынылған болатын. Дегенмен сексизм мен нәсілшілдікке ешқандай айырмашылық жоқ деп ойлаған дұрыс емес, және нәсілдік әділетсіздікті жеке тақырып ретінде зерттеу маңызды.

Нәсілдік кемсітушілік көбінесе биологияға негізделгендей көрінеді: «нәсіл биологиялық әртүрлі, және бір мағынада белгілі бір нәсіл екіншісіне қарағанда жоғары тұрады» - деген пайымдаудан тамырын жаяды. Мысалы, «ақ нәсілді артықшылық» термині осы көріністердің тіркесін көрсетеді. Алайда, ерлер мен әйелдердің арасындағы қатынасқа қарағанда, нәсілдік айырмашылықтар «биологиялық қажеттілік» деген ұғым емес.

## Ой-эксперимент

Адам эволюциясының нәтижесінде әртүрлі нәсілдер пайда болды. Және біз мүлдем басқа балама адамзат тарихын елестетіп көрейік. Адамдар Африкадан ешқашан шықпаған дейік (біз алғаш рет пайда болған) және терінің түсі немесе дене ерекшеліктері, және де басқа нәсілдік сипаттамалары елеулі әртүрліліксіз қала берді.

## Тілдесудің жетіспеушілігі (баскетболист мысалы)

Жыныстық белгі бойынша кемсітуді оның ізгі мағынасын көлденең тарта отырып, биологиялық теорияны қате қолдану деп айтуға болса, нәсілдік кемсіту мен жалған нанымды түсіну және рационализациялау әлдеқайда қиын. Мысалы, бір адамның сыртқы келбетіндегі қандай ерекшелік жұмыс берушіге немесе жалға берушіге белгілі бір тұлғаның белгілі бір жұмысқа лайық емес екенін немесе жалға беруге ыңғайлы адам екеніне қатысты шешімдеріне ықпал етеді? Оның бір себебі айырмашылықтарға қатысты қорқынышқа немесе жеке не топтық патологияның қандай да бір аспектісіне негізделген өрескел әрі теріс түсінік болуы мүмкін. Бұл тұста біз философия саласын қоя тұрып, психологияның біршама қараңғы және қарама-қайшылықты салаларына бас сұғамыз. Алайда, Егер жеке тұлға өзінің әлдекімдерді кемсітуге қатысты көзқарасын белгілі бір аргументпен ақтауға тырысса, онда оның белгілі бір нәсіл өкілдеріне белгілі бір қасиеттерді таңуы әбден мүмкін. Еңбек нарығындағы кемсітулерді ақтау үшін, мысалы, белгілі бір нәсіл өкілдерінің интеллектуалды қабілеттері төмен немесе жұмыста жаман әдетке үйір деп; ал тұрғын үй нарығындағы кемсітулерді ақтау үшін белгілі бір нәсіл өкілдері жалға алушы адам ретінде сенімсіз, өйткені олар ақыны тұрақты төлемейді немесе өткір иісті тағамды ұнатады, шулы сауық кештерін өкізеді деп айтуға болады.

Ақтаудың бұл әрекеттерін бірнеше деңгейде теріске шығаруға болады.

Осындай жалпылама қорытынды жасауға негіз бар ма? Тіпті егер жалпылама шындық болса да, бұл жеке адам туралы не айта алады? Бұл сұрақтың мағынасын ашу үшін келесі фактке назар аударайық, орташа голландықтың бойы орташа испаннан жоғары екендігін ескерейік.

Бірақ бұл, өз кезегінде, баскетбол командасына қосылуға талпынған белгілі голландиялық спортшысының бойы тура сол орынға үміттенген испан спортшысының бойынан биік дегенді білдірмейді. Әрине, егер сіздің барлық ақпаратыңыз біреуі голланд спортшысы, ал екіншісі – испандық спортшы болса, үлкен ықтималдықпен сіздің голландшының бойы әлдеқайда жоғары екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Бірақ бұл өте осал дәлелдеме және екеуімен де жеке-жеке танысып, осы фактіге көз жеткізу дұрыс. Ақырында, егер бұл жалпылама шындық болса да және белгілі бір адам үшін шынайы болып көрінсе де,



осы негіздер бойынша кемсітушілікке қатысты өте әділетсіз болуы мүмкін. Әрбір жағдайда, бұл сипат ұсынылған мүмкіндікке қалай қатысты екенін бағалау үшін қосымша зерттеулер немесе дәлелдемелер қажет.

## Нәсіл түрге жатпайды

Бұлайша жалпылауға қандай да бір дәлелдер бар ма? Тіпті бұл жалпылаулар дұрыс болса да, олар сіздің алдыңызда тұрған адам туралы не айта алады? Бұл мәселенің күшін көру үшін орта есеппегі голландтық азаматтың бойы орта есеппегі испандықтан биігірек деген фактіні қарастырайық. Алайда, бұл сізге баскетбол командасы құрамына қосылғысы келіп жүрген голландтықтың осы орынға үміткер испандыққа қарағанда биігірек екені туралы ақпарат бермейді. Әрине, егер сіздің қолыңызда тек олардың бірі - голландтық, ал екіншісі - испандық екені жөнінде ақпарат болса, онда сіздің голландтық ұзынырақ болуы мүмкін деген қорытындыға келуіңіз ықтимал. Алайда, бұл - өте әлсіз дәлел, ең дұрысы екеуімен де кездесіп, көзіңізбен өргеніңіз жөн. Егер қарастырылып отырған жалпылау дұрыс болса және нақты жеке тұлғаға қатысты дұрыс болса да, бұған сүйеніп, оны кемсіту өте әділетсіз болар еді. Әрбір жағдайда ұсынылған мүмкіндікке сипаттаманың сай келетінін бағалау үшін тереңірек зерттеу немесе аргумент қажет.

Алайда философиялық әдебиет те нәсілдік белгі бойынша кемсідуді негіздеудің талпыныстарына тереңнен жауап беріп, пікірталас барысында нәсілдік ұғым биологиялық негізге сүйенеді деген маңызды болжамның ортаға шыққанын көрсетеді. Бұған жауап ретінде нәсілге қатысты тұжырымдаманың ешқандай генетикалық іргетасы жоқ жалған ғылыми түсінік екені жиі айтылады. Айналып келгенде, нәсілге қатысты биологиялық тұжырымдама дегеніміз не? Біз «түрлер» деген тұжырымдаманы қолданып үйреніп қалдық. Жалпы қолданыстағы анықтамаға сәйкес, бір түрге жататын аталық пен ұрғашы шағылысып, ұрпақ өрбітеді. Критерийлерге сәйкес, есек пен зебра жеке түрлерге жатады, себебі олардан өрбитін кез келген ұрпақ бедеу болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, нәсілдер түрге жатпайды, себебі олар өзара «будандасу» қалыпты уағында ұрпағын дүниеге әкеледі. Зерттеулер түрлі нәсілдер арасында маңызды генетикалық вариациялар болатынын анықтаған жоқ, өйткені нәсілдердің ішіндегі және олардың арасындағы генетикалық вариациялар бірдей. Терінің түсі, дене пішіні мен өлшемі және бет-бейнесі сияқты ерекшеліктер – генетикалық айырмашылықтың белгілері емес, сыртқы сипаттама ғана. Адам шашының, көзінің түсі немесе адамдардың басқа да ерекшеленетін белгілері сияқты тері түсінің де генетикалық тұрғыдан маңызы жоқ.

Кейбір философтар бұл тұжырымдарды нәсілді жоққа шығару үшін қолданды. Дегенмен, бұл ғылым негіздеуден де ары қарай жылжитын сияқты. Нәсіл биологиялық категория болмағанымен, ол – әлеуметтік категория: адамдардың көпшілігі бірін-бірі әлі де нәсілдік тұрғыдан қабылдайды және бұл қабылдау олардың басқа адамдарға қатысты үміттері мен қарым-қатынастарына саналы не бейсаналы түрде ықпал етеді. Тарихшылар нәсілге қатысты бізге белгілі концепция XVII және XVIII ғасырларда еуропалық құлиеленушілер Батыс африкалықтарды жаулап алып, оларды плантацияларда жұмыс істету үшін Америкаға тасымалдаған тұста, яғни қазіргі заманғы құлиеленушілік басталған кезде дамыды деген болжам жасап отыр. Кейбіреулер ақ нәсілділердің үстемдігі мен қара нәсілділердің төмендігіне қатысты нәсіл тұжырымдамасы құл саудасын рационализациялау мақсатында жасалған деп есептейді. Ал енді біреулер бұрын қалыптасқан нәсілдік жіктелу құл саудасын жүргізуге мүмкіндік берді деп санайды. Тағы біреулер осы екі тұжырымға да күмәнмен қарайды, себебі құл саудасы адамзат тарихының өн бойында талай рет кездескен. Алайда, түрлі әлеуметтік және діни топтар арасында бөліну немесе үстемдік әрқашан орын алғанымен, нәсілге қатысты бізге белгілі тұжырымдама соңғы уақытта пайда болған деген жалпы келісім бар. Бұл - әлдеқайда терең биологиялық түсінік қалыптастыру үшін түрлі құбылыстарға қарауға тырысқан ғылыми көзқарастың сәтсіз өнімі. Бірақ бұдан да тереңірек түсініктің жоғы рас.

## Нәсіліне байланысты институттар мен құрылымдар

Бұл аргументтер, осылайша, гендер сияқты нәсілдік тұжырымдамалар белгілі бір мақсаттар үшін әзірленген және кейіннен көптеген адамдардың өміріне шынайы және орасан зор зиянды ықпалын тигізген. Тіпті ешқандай «нәсіл» болмаса да, адамдар биологиялық тұрғыдан өздігінен «нәсілдік» тұрғыдан жіктеледі. Либералдар ізгі ниетпен әлеуметтік саясатымыздың «дальтоникалық» болуы керектігін және нәсілді елемей қажеттігін айтса да, шын мәнінде оның қиын жақтары көп. Біздің институттар мен құрылымдарымызды терең зерттемей тұрып, нәсілді елемей нәсілдік кемсіту біреулерге



Кітап: Саяси философияға кіріспе  
Дәріс: Барлығына және барлық жерде әділдік? Әділет пен нәсіл  
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

тұрақты артықшылықтар бергенін, ал екінші біреулердің жолына қиың әрі ауыр қиындықтар туғызғанын да елемейді білдіреді. Бұл айырмашылықтар, әсіресе Америка Құрама Штаттарында құжаттарға көп тіркелген. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының кей жерлерінде қара нәсілділердің колледжде түсуден гөрі түрмеде түсуі оңайырақ деп айтылады. Кемсіту әлемнің түкпір-түкіпірінде кездеседі, ал сорлы саналатын нәсіл мен этностық топтардың немесе төменгі касталардың өкілдері көбінесе жұмыссыз қалады, әлдеқайда төмен жалақы алады, сапасы нашар үйлерде тұрады, түрлі ауруларға шалдығып, ерте қайтыс болады. Бұл жағдай ғаріп адамдар Америка Құрама Штаттарындағы бұрынғы құлдардың ұрпақтары болсын, Австралия, Жаңа Зеландия, Канада, Оңтүстік Африка сияқты отарлық державалардың құрбандары болсын, сондай-ақ Құрама Штаттар мен басқа да елдердегі тұрғылықты халықтар мен Үндістандағы ұзақ уақыт бойғы касталық тартыстардың құрбандары болсын немесе әлемнің көп еліндегі эмигранттар болсын, осылардың бәріне қатысты болып отыр. Тіпті ертең-ақ кемсітудің ешқандай түрі қалмаса да, оның салдары жойыла қоймайды. Үстем нәсілдердің, діндердің немесе кастаның өкілдері, әдетте, «бейімделуді» және «жетістікке жетуді» жеңілдететін қабілеттерді, әлеуметтік желілер мен өмірлік дағдыларды игереді. Біз өмір сүріп жатқан әлемдегі «дальтонизм» саясаты қолданыстағы қарым-қатынастарды реттеудің үстем тәсілдерін өзгертпейді және үстем мәдениетте ең жақсы шарттарға ие адамдар оны ары қарай жалғастыра береді. Бұл - шынайы «дальтоникалық» әлем нәсілдік әділеттілікке қол жеткізу жолдарының бірі және шабыттандырушы идеал болар еді деген тұжырымды жоққа шығармайды. Мәселе кей сұрақтарды «дальтоникалық» саясаттың өзіміз үміттенгендей шешуіне мүмкіндік беретіндей етіп, әлемнің негіздерін өзгерте алмай отырғанымызда сияқты.

### **Репарация – жауапкершілік түрі ма?**

Тарихи әділетсіздіктің құрбаны болған топтардың шығынды өтеуді талап етулеріне маңызды себептер бар. Германия үкіметінен өтемақы алған холокоста қырылған еврейлердің ұрпақтары сияқты, Америкаға құл ретінде әкелінгендердің ұрпақтары бұдан пайда көрген (және сол кезде жинақталған қорды әлі де пайдаланып отырған) елдерден өтемақы алуы керек деген пікір де айтылды. Сонымен қатар, Канада мен Жаңа Зеландиядағы жерлерінен айрылған жергілікті тұрғындарға байырғы жерлері қайтарылуы тиіс деген мәселе де көтерілді. Соңғы иммигранттар өтемақы алу үшін талап қоя бермейді, дегенмен олардың алатындай мүмкіндігі әлі де бар. Мысалы, Біріккен Корольдіктегі Африка мен Кариб бассейнінен шыққан адамдар – кезінде Біріккен Корольдік пайда көрген құл саудасында сатылған құлдардың ұрпақтары болса керек.

### **«Ассимиляция», «мультикультурализм», «интеграция»**

Бүгінде ірілі-ұсақты қалаларда тарихы, мәдениеті мен тілі әркімге адамдар өмір сүреді. Нью-Йорк немесе Лондон сияқты ірі қалаларда жүздеген тілде сөйлейтін адамдарды кездестіруге болады, бұл нәсілдік айырмашылықтың қоғамды бөлудің жалғыз тәсіл емес екенін тағы бір рет көрсетеді: дін, этникалық тамырлар және ұлт, сондай-ақ әлеуметтік таптар әлеуметтік жіктелуді туындатады. Кейбір қалаларда, әлауқаты мен мүмкіндіктері де түрлі деңгейдегі топтардың мүшелерінің әртүрлі аудандарда тұруы себебінен жартылай ерікті сегрегацияның өзіндік түрі орын алады. Кей елдерде әлеуметтік араласудың көрініс берген-бермегенінен қарамастан географиялық араласудың әлдеқайда көбірек орын алғанын көруге болады. Азшылық топтардың барлық мүшесі кемсітудің белгілі бір түрін көрмеуі де мүмкін, алайда нәсілдік кемсіту іс жүзінде барлық жерде шешімі қиын мәселе ретінде қалып отыр. Егер өтемақы мәселесін қоя тұрсақ, қазіргі әлемде түрлі нәсілдердің, діндердің немесе этникалық топтардың өкілдері қайткенде теңдікте өмір сүре алатыны - біздің алдымызда тұрған басты сұрақ болып қалады. Қоғамдық талқылауда «ассимиляция» және «мультикультурализм» бұл мәселенің негізгі екі шешімі ретінде айтылады. Ассимиляцияның негізгі идеясы мынадай болуы мүмкін: «Бұл елге келгендер біз секілді іс-әрекет етсе, оларды құптаймыз». Мұндай қарым-қатынасты иммигранттар мәдениетінің элементтері өмірлеріне араласса да, иммигранттар өздері келген елдің тілін үйренуге және оның заңдарына бағынуға міндетті деп санайтындардан көруге болады. Мысалы, кошерлік және халал тағам ережелеріне сай мал сою тәртібі Жануарларды қорғау туралы заңға қайшы келуі мүмкін, ал кейбір мемлекеттер қоғамдық сферада діни киім кию орынсыз деп, бетті толықтай бүркейтін пәрәнжі киюге тыйым салады. Ассимиляцияны қолдайтындар мәдени ерекшеліктердің қалайда жойылғанын қаламайды, бірақ олар мәдени ерекшеліктерге саясат дәрежесінде қаралуға тиіс іс емес, жеке бастың ісі деп қарайды. Осындай қарым-қатынас жоғарыда талқыланған «дальтонизм» («нәсілдік теңдік») саясатымен үйлесетін сияқты және дәл сондай кемшіліктері де бар. Мысалы, Еуропадағы христиандар



сияқты басқа бір дін өкілдерінің қасиетті күндері ұлттық мейрамдар ретінде қабылданса, бұл олардың белгілі бір артықшылықтарға ие болғанын көрсетеді, айталық діни мерекелерінде сабаққа баруға немесе жұмыс істеуге мәжбүр еврейлер немесе мұсылмандарға мұндай жеңілдік берілмейді.

## Интеграция

Ассимиляция және мультикультурализм мәселелерінен туындаған қиындықтар «интеграция» деп аталатын үшінші тәсілді ортаға шығарды. Ол ассимиляцияның бірыңғай қоғамдық мәдениет қалыптасуы тиіс деген идеясын қолдайды. Дегенмен, мұндағы бір айырмашылық - ол қазіргі уақытта үстем болып тұрған мәдениеттің өмірдің түрлі жолдарына бейімделуі үшін өзгеруі керек деген пікірді мойындайды. Мысалы, Америка Құрама Штаттарындағы нәсілдік интеграцияның жүзеге асуына ерекше мүдделі Элизабет Андерсон үстем нормалар мен тәжірибе бағынышты топтар үшін қолайсыздық туғызса, бұл нормалардың өзгеруі керектігін сенімді түрде дәлелдейді. Алайда, Андерсонның айтуынша, Бұл жерде мультикультуралистер ұмтылатындай азшылық топтарға «топтық құқықтар» беру туралы емес, барлық азаматтардың өркендеуі үшін тәжірибемізді өзгертуіміз керектігі жайында сөз болып отыр. Америка Құрама Штаттарында нәсілдік интеграция саясаты, ең алдымен, тұрғын үй және білім беру саласынан бастап жүргізілді, ал Андерсон осы саясат оң ықпал ететін шарттарды түсінуге тырысып, оның сәтті әрі сәтсіз тұстарын тіркеп жүреді. Мысалы, ол қара нәсілді оқушылар түрлі нәсіл өкілдері интеграцияланған мектептерде, әсіресе интеграцияланған бастауыш сыныптарда білім алса, оқу үлгерімдерінің жақсаратынын көрсететін дәлелдердің бар екенін айтады. Алайда, бұның сәтті жүзеге асуы үшін, мектептер өз оқушыларының қоғамның түрлі топтарынан шыққанын, олардың тәжірибелерінің, қажеттіліктерінің әртүрлі екенін, түрлі оқыту тәсілдерін көргенін тым болмаса, бастапқы кезеңде мойындаулары керек. Бұдан алатын бір сабақ - Интеграция қажырлы еңбек пен күш-жігерді талап етеді. Егер бұны «тез қалыптастырудың» жолдары болса, біз оларды ендігі табар едік.

Іс жүзінде, нәсілдік интеграция саясаты мен «мүгедектіктің әлеуметтік моделінен» туындайтын саясат арасында параллельдер бар, оны келесі бөлімде қарастырамыз. Екі жағдайда да біз үстем топтың нені қалыпты деп қарастыратынын, стандартты тәсілдердің басқаларға қандай залал келтіретінін және ең күрделісі - осы тәжірибелерді қалай өзгертуге болатынын ойлаудан бастауымыз керек. Әрине, түрлі қоғамдар әртүрлі жағдайларда жауап табуға тиіс түрлі сұрақтармен бетпе-бет қалады. Түрлі нәсілдер мен этностық топтардан шыққан адамдардың барлығы тең жағдайда өмір сүруі үшін шаралардың ауқымды кешені қабылдануы қажет. Әрине, әртүрлі топтардың, тіпті нәсілдердің арасында түрлі мәдени әдет-ғұрыптар бар. Сонда, қаншалықты өзгеріс қажет? Біз осындай бай әрі өміршең әралуандықты қаншалықты қабылдап, атап өте аламыз? Бәлкім, бұл сұрақтар әрқашан талас-тартыстың тақырыбы болып қалатын шығар. Дегенмен, біз білім беру, тұрғын үй және жұмыспен қамту үлгілерін бұлардың барлығы әділ болатындай етіп реттеуге тырысамыз. Прогресс бар, бірақ тым баяу, біреу үшін прогресс болып саналатын нәрсе басқалар үшін кері кеткенқадам секілді көрінеді.